



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:  
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

13.07.2023 № 2-01-23-56231

ДС-223 14.06.2023

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
Е.Б. Саиров пен  
Д.А. Қасқарауовқа

### Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура құзырет шегінде Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің (бұдан әрі – Университет) мүлкін иеліктен шығарудың заңдылығына қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

Сұрау салуда бұрын Университетке тиесілі кейбір активтерді (Алматы облысында – Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарындағы жер учаскелері, Алматы қаласында – Абай даңғылындағы жер учаскелері мен құрылыстары) өткізудің заңсыздығы туралы дәлелдер келтірілуде.

2001-2006 жылдар аралығында Университеттің жылжымайтын мүлігінің бір бөлігі (жер учаскелері мен әкімшілік ғимараттар) мемлекеттік мүлікті жекешелендіру және өзге де келісімдер шеңберінде үшінші тұлғалардың пайдасына берілгені анықталды.

Осы фактілер бойынша Алматы қаласы мен Алматы облысының прокуратуралары тексеру тағайындады.

Қазіргі уақытта тексеру іс-шаралары жүргізудің белсенді кезеңінде (материалдардың үлкен көлеміне байланысты жекешелендірудің заңдылығын және университеттің жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелерін, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың аталған объектілердің астындағы жер учаскелерінің нысаналы мақсаттарын өзгерту туралы шешімдерін зерделеу процесі жалғасуда).

Университет активтерін, оның ішінде лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттерін иеліктен шығару заңдылығына түпкілікті құқықтық баға тексеру қорытындысы бойынша берілетін болады.

Нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы қосымша хабарлаймыз.

**Б. Асыллов**



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:  
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

13.07.2023 № 2-01-23-56231  
ДС-223 14.06.2023.

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Саирову Е.Б. и Каскарауову Д.А.

### Уважаемые депутаты!

Генеральная прокуратура, рассмотрев в пределах компетенции депутатский запрос касательно законности отчуждения имущества Казахского национального аграрного исследовательского университета (далее – Университет), сообщает следующее.

В запросе приводятся доводы о неправомерности реализации некоторых активов, ранее принадлежавших Университету (в Алматинской области - земельные участки в Талгарском и Енбекшиказахском районах, в городе Алматы - земельные участки и строения по проспекту Абая).

Установлено, что в период с 2001 по 2006 годы часть недвижимости Университета (земельные участки и административные здания) передана в пользу третьих лиц в рамках приватизации государственного имущества и иных соглашений.

По данным фактам прокуратурами города Алматы и Алматинской области назначена проверка.

В настоящее время проверочные мероприятия находятся в активной фазе проведения (в связи с большим объемом материалов продолжается процесс изучения законности приватизации и сделок с недвижимостью Университета, а также дальнейших решений местных исполнительных органов об изменении целевых назначений земельных участков под названными объектами).

Окончательная правовая оценка законности отчуждения активов Университета, в том числе действиям должностных лиц будет дана по итогам проверки.

О результатах и принятых мерах сообщим дополнительно.

**Б. Асыллов**